

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.314-315

«АТАМЕКЕН АГРО» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА АСТЫҚ ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ ҮШІН АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ШАРАЛАР КЕШЕНІН ӨЗІРЛЕУ

Карибаева Ж.

«Атамекен Агро» ЖШС 2004 жылы құрылған. Қазіргі уақытта майлы және астық дақылдарын өсірумен қатар, астық дақылдарының жаңа сорттарын игеріп, топырақ құнарлығын сақтау және оған қажетті заттарды тиімді пайдалану мақсатында жоғары техникалық машиналармен жұмыс жасауда. Қазіргі таңда Атамекен Агро ЖШС әлемдік деңгейде көрініс тапқан John Deere, Buhler, Case, Morris, Brandht, FlexiCoil секілді техникаларды пайдаланады. Қолда бар техникалар: Барлық маркадағы астық жинайтын комбайндар — 557 бірлік, оның ішінде жоғары өндіріс — 192 бірлік, дестелеуіш жатқалар-187 бірлік, соның ішінде кең ауқымды — 57 бірлік, жүк автомобильдері — 176 бірлік, трактор тіркемелері — 540 бірлік. 1 комбайнға жүктеме — 263 га. Элеваторлар: 3 элеватор мен жалпы сыйымдылығы 221 мың тонна АҚП, тәулігіне 11,6 тонна кептіргіш[1].

1- кесте - Егіс алаңының құрылымы, мың.га

| Қолда бар егістікаландары | 2015 ж | 2016 ж | 2015 жылға қарай 2016% |
|----------------------------|--------|--------|------------------------|
| Барлықегістікжер | 332,6 | 342,8 | 103 |
| парлар | 45,7 | 53,3 | 116 |
| Егісалаңы, жалпымың.га | 288,3 | 289,5 | 100 |
| Соныңішіндедәндіжәнебұршақ | 195,2 | 195,7 | 100 |
| Майлымың.га | 57,1 | 57,2 | 100 |
| Картоп га | 1,3 | 1,3 | 100 |
| Көкеністер га | 0,3 | 0,3 | 100 |
| Жемазық дақылдарының алаңы | 34,4 | 34,9 | 101 |
| Соныңішіндебіржылдықшөптер | 23,9 | 23,9 | 100 |
| Соныңішіндекөпжылдықшөптер | 10,5 | 10,5 | 100 |
| Көпжылдық шөптер отырғызу | | 0,5 | |

Шаруашылық орналасқан аумақтың климаты шұғыл континентальды, қысы суық, қары аз (20см), жазы жылы, құрғақ. Қаңтардың орташа температурасы -17-18 градус, шіденікі 19-21. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 300-350 мм. Атамекен Агро метеопунктінің деректері

бойынша жауын-шашын мөлшері шілде айында жауған жауын-шашын мөлшері 127,7 мм құрайды. Ең аз жауын-шашын қыркүйек айында жауады, яғни 11 мм шамасында көрсетеді. Топырағы қара, кәдімгі қара топырақ [1].

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында астық дақылдардың сорттарын өсірудегі басты мәселе сорттардың құрғақшылыққа төзімсіздігі, сонымен қатар астық көлемі мен сапасына кері әсерін тигізетін аурулар мен зиянкестермен залалдануы. Сондықтан өсіру технологиясын дайындағанда аймақ жағдайымен қатар, сорттың ерекшеліктеріне де баса назар аудару керек. Ағымдағы жылы алдын-ала құрылым бойынша егістік алқабы құрады: 332,6 мың га. Сүрі жер 45,7 мың га. Егістік алқап 286,8 мың га құрады. Дәнді астық дақылдарының алқабы: бидай 161,5 мың га, арпа 23,8 мың га, сұлы 5,1 мың га. Жоспар бойынша дәнді-дақылдарды жинап алу — 195,6 мың га, нақты жиналған астық — 195,6 мың га (100%), бастырылды — 195,6 мың га (100%), соғылғаны — 401,6 мың тонна, өнімділігі — 20,5 ц/га. Ауыл шаруашылығы дақылдарын кебуі: нақты өңделгені — 40,5 га [2].

Әдебиеттер тізімі

1. «Атамекен Агро» ЖШС - ның мәліметтері - 2016 ж. есебі.
2. Қ.К. Әрінов, Қ.М. Мұсынов, А.Қ. Апушев, Н.А. Серекпаев, Н.А. Шестакова, С.С. Арыстанғұлов. Өсімдік шаруашылығы. Алматы, 2011.